

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Бағалы қағаздар нарығы департаменті*

*Қазақстан Республикасының
жинақтаушы зейнетақы жүйесінің
ағымдағы жағдайы*

2016 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша

Көлемі: 6 бет
Кестелер саны: 5
Графиктер саны: 3
Кезеңділігі: ай сайын жаңарту

2016 жыл

МАЗМҰНЫ

I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

1-кесте. БЖЗҚ салымшылары (алушылары)

2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы

3-кесте. Зейнетақы төлемдері

II. РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

4-кесте. Республика экономикасындағы зейнетақы секторының рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы

2-график. ҚР экономикасындағы зейнетақы секторының рөлі

III. БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

5-кесте. БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

1-кесте. БЖЗҚ-ның салымшылары (алушылары)

Бүгінгі күнде БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік жарналарды, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады.

Сонымен қатар, қазіргі кезде Ұлттық Банкке ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиялар беруге өтініштер түскен жоқ.

2016 жылғы 1 мамырда нөлдік қалдықтары бар жеке зейнетақы шоттарының жабылуына және бір салымшылардың зейнетақы шоттарының біріктірілуіне байланысты міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттары санының 17 046 бірлікке немесе -0,2%-ға азаюы және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша 6 927 бірлікке немесе 1,9%-ға артуы байқалады.

Нөлдік қалдықтары бар жеке зейнетақы шоттарының жабылуына байланысты және салымшылардың Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге шығуына байланысты зейнетақы төлемдерінің жүргізілуіне байланысты 2016 жылдың басынан бастап ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 1 859 бірлікке немесе -4,8%-ға төмендеді және есептік күнге 37 186 бірлік болды.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының (алушыларының) саны	1.01.16	1.05.16	Өсімі (%-бен)
пайдасына міндетті зейнетақы жарналары енгізілген	9 474 689	9 457 643	-0,2
пайдасына ерікті зейнетақы жарналары енгізілген	39 045	37 186	-4,8
пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары енгізілген	372 889	379 816	1,9


Міндетті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы жинақтары 2016 жылғы 4 айда 247,0 млрд.теңгеге (4,3%), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары - 11,7 млрд. теңгеге (18,1%) ұлғайды, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы жинақтары 0,1 млрд. теңгеге (-5,9%) азайды.

Зейнетақы жинақтары, млрд. теңге	1.01.16	1.05.16	Өсімі (%-бен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	5 762,0	6 009,0	4,3
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	1,7	1,6	-5,9
міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша	64,5	76,2	18,1

2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

Зейнетақы жинақтарының көлемі	1.01.16	1.05.16	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы жинақтары, млрд. теңгемен	5 828,2	6 086,8	4,4
Зейнетақы жарналары, млрд. теңгемен	4 375,2	4 579,1	4,7
«Таза» инвестициялық кіріс, млрд. теңгемен	1 751,9	1 879,3	7,3
Зейнетақы жинақтары сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі, %-бен	30,1	30,9	0,8

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы (2-кестеге) (млрд.теңге)



Осылайша, салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2016 жылдың басынан бастап 258,6 млрд. теңгеге (4,4%) ұлғайып, 2016 жылғы 1 мамырда 6 086,8 млрд. теңге болды. 2016 жылғы 4 айда «таза» инвестициялық кіріс 127,4 млрд. теңгеге немесе 7,3%-ға өсті.

3-кесте. Зейнетақы төлемдері

Көрсеткіштің атауы / күні	(млрд. теңге)		
	1.01.16	1.05.16	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы төлемдері	670,7	743,9	10,9
оның ішінде, зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес алушылардың зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару	121,2	127,8	5,4


Зейнетақы төлемдері 2016 жылғы 4 айда 73,2 млрд. теңгеге немесе 10,9%-ға ұлғайып, 2016 жылғы 1 мамырда 743,9 млрд. теңге болды.

II. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ. РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

4-кесте. Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы

Көрсеткіштің атауы / күні	1.01.16
ЖІӨ млрд.теңге	40 878,0*
Зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	14,9
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	11,2
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	4,6

2-график. ҚР экономикасындағы зейнетақы секторының ролі




2015 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 2016 жылғы 1 қаңтарда Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын көрсеткіштерге қатысты, атап айтқанда зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасының 11,7%-дан 14,9%-ға дейін, зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасының 9,5%-дан 11,2%-ға дейін және «таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасының 2,6%-дан 4,6%-ға дейін ұлғаюы байқалды.

III. БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

2016 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2016 жылдың басынан бастап 255,4 млрд. теңгеге немесе 4,4%-ға ұлғайып, 6 090,0 млрд. теңге болды.



2015 жылғы 1 мамыр - 2016 жылғы 1 мамыр аралығындағы кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық ұлғаюы 109,0 млрд. теңге болды.

* ҚР Ұлттық экономика министрлігінің ҚР Статистика комитетінің жедел деректері (stat.gov.kz)

5-кесте. БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	(млрд. теңге)			
	1.01.16		1.05.16	
	млрд. теңге	в %	млрд. теңге	в %
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	2 683,17	46,7	2 599,8	44,46
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	2 328,23	40,6	2 475,6	42,34
Ұлттық Банктің ноттары	354,94	6,1	124,2	2,12
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0,0	0,0	0,0	0,0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	232,8	4,1	216,27	3,7
акциялар	13,6	0,3	16,23	0,3
облигациялар	219,2	3,8	200,04	3,4
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	84,9	1,5	84,5	1,4
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	50,7	0,9	218,6	3,7
Тазартылған алтын	0,0	0,0	0,0	0,0
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	2 325,6	40,5	2 346,7	40,1
акциялар	113,1	2,0	101,5	1,7
облигациялар, оның ішінде:	2 199,9	38,3	2 232,6	38,2
шетел валютасында номинирленген	549,3	9,6	533,8	9,1
теңгеде номинирленген	1 650,6	28,8	1 698,8	29,1
ноттар	12,6	0,2	12,6	0,2
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	363,9	6,3	381,2	6,5
Туынды қаржы құралдары	0,0	0,0	0,0	0,0
Жиынтығы	5 741,0	100,0	5 847,0	100,0

2016 жылғы 1 мамырда БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесіне бұрынғыша ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары және ҚР эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары ие (тиісінше БЖЗҚ осыған ұқсас күнгі инвестициялық зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 44,46% және 40,1%).

Өз кезегінде, шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялар көлемі – 519,4 млрд. теңге (оның ішінде шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары және шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары) немесе инвестициялық зейнетақы активтері көлемінің 8,8%-ы болды. Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар үлесіне 6,5% немесе 381,2 млрд. теңге болады.